

"Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін және мөлшерін бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қазандағы № 274 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 21 қарашадағы № 281 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 қарашада № 6990 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына, бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі және мөлшерін бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қазандағы № 274 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6932 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 16 қазанда жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасындағы 6-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арал аудандық мәслихатының кезектен тыс елу бірінші сессиясының төрағасы

Қ. Аяпов

Арал аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мадинов